

## Қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу, сараптау және бекіту ТӘРТІБІ

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі (Құрылысмині) 1994 жылғы 24 қарашадағы N 11-2 Қаулы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1995 жылғы 21 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 55

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2005 жылғы 27 желтоқсандағы N 400 Бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді кесімдерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкіміне сәйкес және Қазақстан Республикасы Құрылысминінің кейбір кесімдерін қолданыстағы заңнамаларға сәйкес келтіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының Құрылысмині алқасының мынадай қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

2) Қазақстан Республикасының Құрылысмині алқасының 1994 жылғы 24 қазандағы N 11-2 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 21 ақпанда тіркелген, тіркеу N 55, Қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу, сараптау және бекіту тәртібі...

2. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Т ө р а ғ а

-----

"Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылысы туралы" Заңды жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары туралы Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1994 жылғы 3 қаңтардағы N 1-ө Өкімін орындау мақсатында алқа қаулы етеді:

1. "Қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу, сараптау және бекіту тәртібі" бекітілсін және Қазақстан Республикасы аумағында 1995 жылғы 1 қаңтардан күшіне енгізілсін.

2. Осы Тәртіптің енгізілуіне байланысты "Аудандық жоспарлау схемалары мен жобаларын, Қазақ КСР қалалары мен басқа елді мекендерінің бас жоспарларын әзірлеу, келісу және сараптау тәртібі туралы" Қазақ КСР-інің Сәулет және құрылыс жөніндегі мемлекеттік комитеті алқасының 1991 жылғы 10

маусымдағы N 5-1 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Бекітілген Тәртіптің сақталуына бақылау жасау Аумақтар мен елді мекендерді жоспарлау, құрылыс салу жетекші басқармасына (Ю. Айбасов) жүктелсін.

*Төраға*

Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда  
құрылыс салу министрлігі алқасының  
1994 жылғы 24 қарашадағы N 11-2  
қаулысымен бекітілген

## **Қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу, сараптау және бекіту Тәртібі 1. АНЫҚТАМА**

1.1. Қала құрылысы жобасы - аумақты сәулеттік жоспарлауды ұйымдастыру қағидаларын анықтайтын және елді мекендердің шекарасы мен жер-шаруашылықтың орналасуын белгілеуге, қала құрылысында инвестицияны жүзеге асыруға арналған негіз болып табылатын өзара байланысты құжаттар ж ү й е с і .

1.2. Қала құрылысы жобаларының негізгі түрлері:

- Қазақстан Республикасының өндіргіш күштерінің қоныстандыру мен аумақтық ұйымдастырудың бас схемасы;

- ірі емдік-сауықтыру, рекреациялық және басқа аумақтарды қоныстандыру мен аумақтық ұйымдастырудың аймақтық схемалары;

- облыстарды аудандық жоспарлау схемалары;

- әкімшілік аудандарды аудандық жоспарлау жобалары;

- қалалардың, кенттердің, ауылдық елді мекендердің бас жоспарлары;

- функциональды (өнеркәсіптік, рекреациялық және басқа) аумақтардың бас ж о с п а р л а р ы ;

- нақтылы жоспарлау жобалары;

- құрылыс салу жобалары. Қала құрылысы жобаларының құрамы мен мазмұны осындай құжаттамаларды әзірлеу жөніндегі нұсқаулармен анықталады.

## **2. ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖОБАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ**

2.1. Осы Тәртіп қала құрылысы жобаларын әзірлеуді, келісуді, сараптауды және бекітуді ұйымдастыруға қойылатын талапты анықтайды және Қазақстан Республикасында осындай жобаларды әзірлеумен айналысушы барлық ұйымдар, мекемелер, басқа заңды тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

2.2. "Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасының басқа заң актілеріне сәйкес қала құрылысы жобаларын әзірлеу жүзеге асырылады.

2.3. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, басқа министрліктері мен ведомстволары, жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар, мекемелер және басқа заңды тұлғалар қала құрылысы жобаларына тапсырыс берушілер бола алады.

2.4. Қала құрылысы жобаларын орындауға тиісінше мемлекеттік лицензиясы бар мекемелер, ұйымдар, шығармашыл ұжымдар мен басқа заңды және жеке тұлғалар осындай жобаларды әзірлеушілер бола алады.

2.5. Сәулет-қала құрылысы қызметіне қатысушылар ретінде қала құрылысы жобаларын жасауға тапсырыс берушілер мен оларды әзірлеушілер арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңымен, қолданылып жүрген ережелермен және нормативтік актілермен реттеледі.

2.6. Қала құрылысы жобаларын әзірлеу жекелеген реттерде конкурстық негізде жүзеге асырыла алады.

2.7. Тапсырыс беруші (қала құрылысы жобасын әзірлеушінің қатысуымен) жобалауға тапсырманы жасайды және негізгі деректерді беруді қамтамасыз етеді.

Тапсырыс беруші қажетіне қарай негізгі деректерді дайындауды қосымша төлем үшін қала құрылысы жобасын әзірлеушіге тапсыра алады.

2.8. Тапсырыс беруші қала құрылысы жобасын әзірлеу барысына бақылау жасауды жүзеге асырады, оның сараптамасын қамтамасыз етеді.

Тапсырыс беруші жобалау процесінде жобалауды немесе негізгі деректерді өзгерткен немесе нақтылаған ретте оны әзірлеуші қосымша төлем үшін қала құрылысы жобасына тиісінше нақтылау мен толықтыру енгізеді.

2.9. Қала құрылысы жобасын әзірлеу кезінде жер учаскелерін беруге және жобалау объектісі болып табылатын аумақта құрылыс салуды қайта құруға байланысты мәселелердің бәрі тиісті қала құрылысы жобасын әзірлеушімен міндетті түрде келісуге жатады.

2.10. Қала құрылысы жобасын әзірлеуші бекітілген қала құрылысы жобаларының бұрнағы сатыдағы жобалық шешімін ескеруге міндетті.

2.11. Қала құрылысы жобасы міндетті түрде келісілетін мемлекеттік органдар мен мекемелер тізбесі осы Тәртіппен анықталады.

Басқа ұйымдармен келісу қажеттігін әрбір нақты жағдайда тапсырыс беруші анықтайды.

2.12. Қала құрылысы жобасын келісуді және оны бекіту барысында қорғауды тапсырыс берушінің жәрдемі арқылы жобаны әзірлеуші жүзеге асырады.

2.13. Қала құрылысы жобасын әзірлеу барысында жергілікті атқарушы

органдар тапсырыс берушімен (немесе жобалаушымен) бірлесіп, оны жұртшылықтың талқылауын ұйымдастырады және халықты қабылданатын жобалық шешімдер туралы хабарландырады.

2.14. Қала құрылысы жобасы (қоныстандырудың бас және аймақтық схемаларынан басқасы) жіберілетін ұйым оларды бір айлық мерзімде келіседі. Аталған мерзімде тұжырым берілмеген ретте қала құрылысы жобасы келісілді деп е с е п т е л е д і .

Қала құрылысы жобаларының сараптамасын жүзеге асырушы органдар 45 күн ішінде тұжырым береді.

### **3. ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖОБАЛАРЫН КЕЛІСУ ЖӘНЕ САРАПТАМАСЫН ЖҮРГІЗУ**

3.1. Қазақстан Республикасының өндіргіш күштерін қоныстандыру мен ірі емдеу-сауықтыру, рекреациялық және басқа аумақтарды орналастыру және аумақтық ұйымдастырудың аймақтық схемалары Денсаулық сақтау министрлігіне, Экология және биоресурстар министрлігіне, Экономика министрлігіне, ал аталған жобалардың негізгі қағидалары облыстық атқарушы органдарға қарап, келісуге беріледі.

3.2. Облыстарды аудандық жоспарлау схемалары облыстық жергілікті атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігімен міндетті түрде к е л і с у г е ж а т а д ы .

3.3. Әкімшілік аудандарды аудандық жоспарлау жобалары аудандық, облыстық экология және биоресурстар, денсаулық сақтау, жер қатынастары және жерге орналастыру, сәулет және қала құрылысы органдарымен келісуге жатады.

3.4. Республикалық бағыныстағы қалалардың, облыстық орталықтардың, сондай-ақ тарихи қалалар мен республикалық мәні бар курортты қалалардың бас жоспарлары қалалық және облыстық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар, Денсаулық сақтау, Мәдениет, Ішкі істер (өрттен сақтандыру мен жүріс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты мәселелер бойынша) министрліктермен, Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетпен, Құрылыс тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігімен келісіледі.

Басқа қалалар мен кенттердің бас жоспарлары, функциональды аумақтардың бас жоспарлары аудандық атқарушы органдармен, облыстық экология және биоресурстар, денсаулық сақтау, ішкі істер, жер қатынастары және жерге

орналастыру, сәулет және қала құрылысы ұйымдарымен келісіледі.

3.5. Пайдалы қазбалар қойнаулары жатқан алаңдарда орналасқан елді мекендердің бас жоспарлары мемлекеттік кен қадағалау органдарымен келісуге ж а т а д ы .

3.6. Ауылдық елді мекендердің бас жоспарлары ауылдық (селолық) атқарушы органдармен, аудандық экология және биоресурстар, санитариялық-эпидемиологиялық және өрттен сақтандыруды қадағалау, жер қатынастары және жерге орналастыру, сәулет және қала құрылысы ұйымдарымен келісіліп, қала құрылысы кеңесінде қаралады.

3.7. Зілзалалдығы 7 балдық және одан жоғары аумақтарда орналасқан елді мекендердің бас жоспарлары Қазақстан Республикасының Құрылысминімен қ о с ы м ш а к е л і с і л е д і .

3.8. Қалалық аумақтарды нақтылы жоспарлау жобалары қалалық және облыстық санитариялық-эпидемиологиялық және өрттен сақтандыруды қадағалау, сәулет және қала құрылысы органдарымен келісіледі.

3.9. Кенттер мен ауылдық елді мекендерді нақтылы жоспарлау жобалары кенттік және ауылдық (селолық) атқарушы органдармен, аудандық санитариялық-эпидемиологиялық және өрттен сақтандыруды қадағалау, сәулет және қала құрылысы ұйымдарымен, МАИ қызметтерімен, сондай-ақ облыстық қала құрылысы кеңесінде қаралғаннан кейін облыстық сәулет және қала құрылысы органдарымен келісіледі.

3.10. Құрылыс салу жобалары жергілікті санитариялық-эпидемиологиялық және өрттен сақтандыруды қадағалау, сәулет және қала құрылысы жергілікті органдарымен, басқа мүдделі ұйымдармен келісіледі.

3.11. Республикалық мәні бар тарих, археология, қала құрылысы және сәулет ескерткіштері орналасқан аумақтардағы қала құрылысы жобалары Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігімен және республикалық тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамымен келісілуге тиіс.

3.12. Қоныстандыру мен аумақтық ұйымдастырудың бас және аймақтық схемаларының, облыстарды аудандық жоспарлау схемаларының, республикалық бағыныстағы қалалардың бас жоспарларының, сондай-ақ тарихи қалалар мен республикалық мәні бар курорттық қалалардың бас жоспарларының мемлекеттік кешенді сараптамасын Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің мемлекеттік кешенді қала құрылысы сараптамасы кеңесі жүзеге асырады.

Мемлекеттік кешенді қала құрылысы сараптамасы кеңесінің жұмыс тәртібі мен адам құрамы туралы ережені Қазақстан Республикасының Құрылысмині б е к і т е д і .

3.13. Аудандық жоспарлау жобаларының арнаулы сараптамасын:

- облыстық экология және биоресурстар басқармасы айналадағы ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану мәселелері бойынша;

- облыстық құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу комитеті аумақты жоспарлы ұйымдастыру мәселелері бойынша жүргізеді.

3.14. Басқа елді мекендердің бас жоспарлары мен нақтылы жоспарлау жобаларының кешенді сараптамасын белгіленген тәртіпте мүдделі ұйымдар мамандарын тарту арқылы жергілікті сәулет және қала құрылысы органдары жүргізеді.

3.15. Құрылыс салу жобаларының кешенді сараптамасын жобалардың мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамасы органдары жүзеге асырады.

## **4. ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖОБАЛАРЫН БЕКІТУ**

4.1. Облыстарды аудандық жоспарлау схемаларын облыстық өкілді органдардың ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

4.2. Әкімшілік аудандарды аудандық жоспарлау жобаларын облыстық өкілді органдар бекітеді. Аудандық атқарушы органдар жобаларды бекітуге береді.

4.3. Республикалық бағыныстағы қалалардың, облыстық орталықтардың бас жоспарларын облыстық, Алматы және Ленинск қалалық өкілді органдардың ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Республикалық мәні бар курорттық қалалардың бас жоспарларын Қазақстан Республикасы Құрылысминінің ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Басқа қалалар мен кенттердің, олардың жекелеген функциональды аумақтарының бас жоспарларын қалалық және аудандық атқарушы органдардың ұсынымы бойынша облыстық өкілді органдар бекітеді.

4.4. Ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын аудандық атқарушы органдардың ұсынымы бойынша аудандық өкілді органдар бекітеді.

4.5. Қалалық аумақтарды нақтылы жоспарлау жобаларын қалалық атқарушы органдар бекітеді.

Кенттер мен ауылдық елді мекендер аумақтарын нақтылы жоспарлау жобаларын, құрылыс салу жобаларын аудандық атқарушы органдар бекітеді.